

"Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 260 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 22 тамызда № 33319 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17453 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесін бекіту туралы";

кіріспе және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 107) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2023 жылғы 15 тамыздағы
№ 260 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлік
2018 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 503 бұйрығына
қосымша

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесі

№	Білім беру үйымы типінің атауы	Білім беру үйымы түрлерінің атауы
1.	Мектепке дейінгі үйымдар	<ul style="list-style-type: none">1. Бебекжай-бақша2. Балабақша3. Отбасылық бебекжай-бақша4. Санаторлық бебекжай-бақша5. "Мектеп-бебекжай-бақша" кешені6. Мектепке дейінгі шағын орталық
2.	Шағын жинақты мектептерден, ауылдық жерде орналасқан орта білім беру үйимдарынан, түзету мекемелері жанындағы, денсаулық сақтау үйимдары жанындағы, мәдениет және деңе шынықтыру-спорт үйимдары жанындағы орта білім беру үйимдарынан, республикалық орта білім беру үйимдарынан	<ul style="list-style-type: none">1. Бастауыш мектеп2. Негізгі орта мектеп3. Жалпы білім беретін мектеп4. Гимназия5. Лицей6. Бейінді мектеп7. Мектеп-гимназия8. Мектеп-лицей

	басқа орта білім беру үйымдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта)	9. Қосымша білім беретін мектеп-орталық 10. Оку-тәрбие орталығы (кешен)
3.	Медициналық, әскери, арнайы оқу орындарынан, мәдениет және дене шынықтыру-спорт саласындағы білім беру үйымдарынан басқа техникалық және кәсіптік білім беру үйымдары	1. Колледж 2. Кәсіптік даярлау оқу орталығы 3. Жоғары колледж
4.	Медициналық, әскери, арнайы оқу орындарынан, мәдениет және дене шынықтыру-спорт саласындағы білім беру үйымдарынан басқа орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары	Жоғары колледж

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК